# Тақырыбы: «Балалар ойнайды-бірге ойнайық»

***2015-2016 оқу жылы***

# *Мақсаты:*

**Отбасы жағдайында балалардың ойын әрекетін белсендіру мәселесі бойынша ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін көтеру.**



"Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма? ... "

Абай



# Жиналыс формасы

-Кіріспе бөлім
-Шағын дәріс
-Практикум:
-“Сиқырлы қапшық”ойыны
- “Ертегіні драмалау”ойыны
-“Ойынды ойлап тап” жаттығу
-Пікір талас”Ойыншық не үшін керек?”

# Ойыншықтардың түрлері:

Сюжетті-қуыршақтар ,жануарлар фигуралары,жиһаз,ыдыс-аяқ, тұрмыстық заттар .
Техникалық-көлік,конструкторлар ,әр-түрлі техникалық заттар .
Күлдіргі ойыншықтар-жануарлар,аңдардың,адамдардың,күлкілі фигуралары .
Спорттық моторлық-балалардың қимыл белсенділігін арттыруға, қимыл-қозғалыстарын дамытуға ,кеңістік бағдарлауына сепік тигізеді.
Музыкалық сылдырмақ,қоңыраулар,сырнайлар,пианино, балалайка және т.б.
Дидактикалық олардың көмегімен балаларды заттардың формасымен,түсімен,көлемімен және т.б.сипаттарымен таныстырады(әр-түрліжапсырмалар, саңылаулары бар жәшіктер, матрешкалар,пазлдер,мозаикалар,лото және т.б)

Валентина


Ақ Жайық







# Ойын сіздерді үйретеді:

Баламен оның тілінде сөйлесуді.Өзінің авторитарлық ұстанымын жеңе білуді (эгоцентризмді).Өз бойында баланың сипаттарын тірілтуді:шынайылық,таза эмоциялар.Үлгілерге еліктеу, эмоционалды сезімталдық, тебіреніс тәсілдерін ашу.Балаларды қандай күйінде болса, сол күйінде жақсы көруді.

# Ойыншықты қалай таңдау керек?

- Қазіргі кезде ойыншық таңдау өте қиын,өйткені өзіміз үйренген дәстүрлі ойыншықтармен қатар (қуыршақтар,аюлар,доптар және т.б)заман ағымына қарай жаңалары да (динозаврлар, мультфильм кейіпкерлері)пайда болуда .олардың ойын және даму барысында оның эстетикалық және санитарлық-гигиеналық қасиеттерін ескеріп қана қоймай,психологиялық әсер етуін де ойлаған жөн.
- Таңдау кезінде бала ойыншықпен қалай ойнайды,міне негізі осыған көңіл аудару керек. Баланың қай даму кезеңінде екенін ескерген ләзім.Ойында жасқа байланысты және оған қатысушылардың ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырады.
- Таңдаған кезде ойыншық қауіпсіз екендігіне көз жеткізіп алу керек.
- Ойыншықты “өсе келе ойнайды” деген “жоспармен”алуға болмайды:сатып алған ойыншық баланың жасын сай болуы қажет.



# Нақты бір ойыншықты таңдаған кезде ескерілуге тиісті талап.

1.Психологиялық-педагогикалық ойыншық баланың іс-әрекет де
қолданатын зат ретінде алынып,оның ақыл ойын дамытып мүмкіндігі тұрғысынан қарастырылады.
2.Әлеуметтік мәдени:ойыншық анағұрлым маңызды тәрбиелік мәні бар обьективті қасиеттері тұрғысынан қарастырылады.
3.Техникалық:мықтылығы,дайындалу сапасы, денсаулыққа қауіпсіздік
4.Санитарлық гигиеналық.



# Нақты бір ойыншықты таңдаған кезде ескерілуге тиісті талап

-Жаңадан сатып алған ойыншықтың сапа сертификаты болу пайдаланар алдында жууға арналған құралдарын қолданып ,жуып содан соң ағып тұрған суды шайқап ,ауада кептірген дұрыс.

-Жасы үлкен балаларға арналған ойыншықтарды күн сайын жуып тұру қажет.



# Ойын арқылы біз балаларға мыналарды меңгерте аламыз:

Өзіне-өзі сырт көзбен ,басқа адамдардың көзі мен  қарай білуді .Рольдік мінез-құлық стратегиясын алдын-ала болжауды.Өз әрекеттерін ,тірліктерін ,сезімдерін ойыншықтарға түсінікті ету.Әділдікке ұмытылу ,ойында бағыну,өзара ымыраға талпыну.Бір-біріне сенім артыру.

**Бала ойында не үйренеді?**

**Ересектердің күрделі әлеуметтік өміріне терең бойлай білуді,эмоцияға енеді.**

**Басқа адамдардың өмірлік жағдайларына өздерінікі секілді тебірене біледі.Басқа адамдар арасында өзінің шынайы орынын танып біледі.**

**Өзі үшін жаңалық ашуды :менің көзқарастары мен көп адамдардың көзқарасы арқылы сәйкес келе бермейді.**

**Өзін құрметтеп өзіне сенім артуды.**

**Қиындықтарға ұшырағанда өз күштеріне үміттенуді.**

**Ата-аналарға арналған кеңестер:**
**Ойын үшін тәжірбие маңызды.**
**Балаларыңызбен жиі ойнаңыздар !**
**Кез-келген сенімді түсінуге тырысыңыз,бірақ кез-келген әдетті қолдамаңыз.Балалардың құрбы-құрдасымен жақсы қарым-қатынасын сақтауға деген талпынысын қолдаңыз.**
**Ойнамайтын балаларға ерекше назар аударыңыз.**
**Балаларыңызға қандай ойыншықтар керек?**
**Ойыншық дегеніміз балалар ойындарына арналған арнайы бұйым.Ойыншық балаға өз дегенін жүзеге асыруға,шынайы өмірге жақындауына жәрдем береді.**


КАЗАКША TITANFALL
TITANFALL™



# Қорытынды

Бала ойыншықтың образына кіреді,оны эмоционалды сезінеді,сондықтан ойыншықтарды таңдап алғанда, ойыншық оған позитивті эмоция беретінінде ойластыру керек; Ойыншық әдемілік жағынан жалпы қабылдаған түсініктерге сәйкес келу керек.Маңызды сәт-ойыншықтың сыртқы түрі.ойыншықтың образы жарқын болу қажет.

